

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**



**Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н.
ГУМИЛЕВА**

**"ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ
ДАМУЫ: ШЫНДЫҒЫ МЕН БОЛАШАҒЫ"
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК ТРУДОВ
международной научно-практической конференции
"СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ НЕЗАВИСИМОГО
КАЗАХСТАНА: РЕАЛИИ И ПЕРСПЕКТИВЫ"**



**9 желтоқсан, 2021
Нұр – Сұлтан**

ӘОЖ 338.2 (574) (075.8)

ҚБЖ 65.9 (5Қаз) я73

T29

Редакция алқасы

МАЙДЫРОВА А.Б. - төрайым, э.ғ.д., профессор, кафедра меңгерушісі,

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

БАЙЖОЛОВА Р.А. - э.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

ЕГЕМБЕРДИЕВА С.М. - э.ғ.д., профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия

ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

ТЛЕСОВА Э.Б. - э.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

БЕРЖАНОВА А.М. - э.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Л.Н. Гумилев

атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

ЖАНАБАЕВА Ж.К. - э.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

АУЕЛБЕКОВА А.К. - э.ғ.к., доцент Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

ДОСМАҒАНБЕТОВ Н.С. - э.ғ.м., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

КАЗБЕКОВА З.К. - магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

НҰРЛАНҰЛЫ А - магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

ISBN 978-601-337-610-3

T29 "Тәуелсіз Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы: шындығы мен болашағы" атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектер жинағы. –Нұр-Сұлтан: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2021. – 361 б.

Сборник трудов международной научно-практической конференции "Социально-экономическое развитие независимого Казахстана: реалии и перспективы". – Нур-Султан: ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, 2021. – 361 с.

Works of the International scientific - practical conference "Socio-economic development of independent Kazakhstan: realities and prospects". - Nur-Sultan: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2021. – 361 p.

ӘОЖ 338.2 (574) (075.8)

ҚБЖ 65.9 (5Қаз) я73

ISBN 978-601-337-610-3

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2021

© Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2021

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕС ЕЛДІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫНЫҢ БӨЛШЕГІ РЕТІНДЕ

Калиакпарова А.А.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті

Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.

ayazhan_73@mail.ru

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының экономикасын одан әрі дамытудың бірнеше бағыттары бар. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев 2020 жылдың 1 қыркүйегіндегі Қазақстан халқына Жолдауында еліміздің 2025 жылға дейінгі ұзақ мерзімді әлеуметтік-экономикалық дамуының болжамдарын айтып, одан әрі мемлекеттік бағдарламалардан ұлттық жобаларға көшуді қамтамасыз етуді тапсырды. Бұл ұлттық жобаларды жүзеге асырудағы басты мақсат – экономиканың тұрақтылығы мен бәсекеге қабілеттілігін, қазақстандықтардың өмір сүру сапасын арттырудың факторына айналуы. Бекітілген барлық 10 ұлттық жоба әрбір азаматты толғандыратын қоғамдық игіліктерді алуға бағытталған: білім, денсаулық, экология, мемлекеттік қызметтер, қауіпсіздік, өмір сапасы және т.б. [1].

Әрбір ұлттық жобаның іргелі негізі бар. Біріншіден, бұл «Қазақстан-2050» Стратегиясы – ұзақ мерзімді перспективаны айқындайтын негізгі құжат. Екіншіден, бұл жаңартылған Мемлекеттік жоспарлау жүйесі. Үшіншіден, бұл Ұлттық басымдықтар мен 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарын қабылдауды көздейтін бесжылдық жоспарлау.

Шағын және орта бизнес (одан әрі - ШОБ) – экономика дамуының қозғалтқыш күші. ШОБ-тың рөлі аса өткір экономикалық және әлеуметтік міндеттерді шешудегі таптырмас құрал. Шағын және орта бизнес мемлекет тарапынан айтарлықтай шығындарды талап етпей, «салауатты» бәсекелестік ортаны қалыптастыруға, нарықтық тепе-теңдікті орнатуға, жаңа жұмыс орындарын құруға, халықты жұмыспен қамту тұрғысынан мемлекеттің көптеген мәселелерін шешеді және салық төлемдері арқылы ел бюджетін толықтырады, орта таптың қалыптасуына, халықтың әртүрлі қажеттіліктерін қанағаттандыруға ықпал етеді, бұл сайып келгенде тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз етуге әкеледі. Сол себепті осы бағытқа арналған ұлттық жоба жөнінде сөз қозғағымыз келеді, яғни «Кәсіпкерлікті дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобасы» жөнінде.

Бұл ұлттық жобаны әзірлеудің негізгі мақсаттары – кәсіпкерлік құрылымындағы сапалы өзгерістерді қамтамасыз ету, оның ішінде:

- халықты жұмыспен қамтуды арттыру мақсатында шағын кәсіпкерлікті дамыту;
- экономика секторларын әртараптандырудың драйвері – орта бизнеске сүйену;
- бәсекелестікті кешенді дамыту – шаруашылық жүргізуші субъектілерге тең жағдай жасау.

ШОБ-тың ЖІӨ-дегі үлесі неғұрлым жоғары болса, соғұрлым халықтың тұрмысы жақсырақ, экономика соғұрлым серпінді дамиды деген аксиома бар. Әлемнің дамыған елдерінде ШОБ-тың ЖІӨ-дегі үлесі 50 және одан да көп пайызды құрайды (мысалы, Жапония мемлекетінде – 75%), ал ШОБ секторындағы дамыған елдерде жұмыс істейтіндердің үлесі 60-98% құрайды. Қазақстан 2050 жылға қарай елдің жалпы ішкі өніміндегі ШОБ үлесін 50%-ға жеткізуді жоспарлап отыр. 2019 жылы бұл көрсеткіш 28%-ды құрады. Қазіргі есептеулер бойынша ШОБ саласында үш миллион үш жүз адам жұмыс істейді, бұл елдегі белсенді халықтың жалпы үлесінің 30%-дан астамын құрайды. Осы мақсаттарға байланысты 2021-2025 жылдарға арналған жобалардан күтілетін экономикалық және әлеуметтік нәтижелерді қарастыруға болады.

Жобадан күтілетін экономикалық нәтиже (сандық мәнде):

1. ЖІӨ-дегі ШОБ үлесін 35%-ға жеткізу.
2. ЖІӨ-дегі туризм көлемінің 8,4 трлн теңгеге дейін өсуі.
3. Экономикадағы мемлекеттің үлесін 14%-ға дейін төмендету.
4. 995,3 мың жұмыс орнын құру, оның ішінде:


- тұрақты - 335,1 мың,
- уақытша - 660,2 мың.

Күтілетін әлеуметтік нәтиже (сапалық және/немесе сандық тұрғыдан):

1. Азаматтарды тұрақты жұмысқа орналастыру – 1,7 млн адам;
2. Халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларымен қамту – 3,5 млн. адам;
3. Табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен ауыл тұрғындары үлесінің төмендеуі – 6,5% [2].

Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының көрсеткіштері бойынша Қазақстан Республикасындағы шағын және орта кәсіпкерліктер мониторингіне көз шалсақ.

2021 жылғы қаңтар-наурызда (салыстырмалы бағаларда) 2020 жылғы қаңтар-наурызбен салыстырғанда өнім шығарылымы 9%-ға, жұмыспен қамтылғандар саны және жұмыс істеп тұрған субъектілер саны 2,6%-ға және 3,3%-ға сәйкесінше өсті.



Сурет 1. Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері қызметтерінің көрсеткіштер құрылымы

2021 жылғы қаңтар-наурызда шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерімен өнім шығарылымы 7632,8 млрд. теңгені құрады. ШОБ субъектілерінің жалпы санында дара кәсіпкерлер үлесі 62,8%, шағын кәсіпкерліктегі заңды тұлғалар – 21,1%, шаруа немесе фермер қожалықтары – 15,9%, орта кәсіпкерліктегі заңды тұлғалар – 0,2%-ды құрады [3].

Көптеген жылдар бойы ШОБ кәсіпорындары өз клиенттерінің өзгертін мінез-құлқына бейімделе отырып, біртіндеп цифрлық технологияларға көшті. Енді пандемия цифрлық технологияға көшу қажеттілігін тездетті, ал ұйымдар нарықта клиенттер үшін өзекті және бәсекеге қабілетті болу үшін сандық қатысуы керек.

Қазіргі уақытта Цифрлық технологиялар COVID-19 індетіне байланысты кеңінен қолданылады, өйткені пандемия жаңа технологияларды енгізуді күшейтуде, технологиялық прогресс әлемді өмір сүру деңгейінен бастап жұмысымыздың сипатына дейін өзгертті.

Шағын және орта бизнес (ШОБ) кәсіпорындары цифрлық технологияларды пайдаланған кезде арта түсетін тәуекел туралы айта кеткен жөн. Тәуекелдің өсуінің негізгі себебі – бұл инновациялық өнімді шығару ғана емес, сонымен қатар осы процесті қаржыландыруды арттыру [4]. Цифрлық экономика шеңберінде ШОБ үшін негізгі факторлардың бірі жоғары білікті қызметкерлер, сондай-ақ цифрлық платформаларда шағын және орта бизнесті жүргізу үшін қажетті уақтылы ақпаратқа қол жеткізу болып табылады.

Қорытындылай келе, шағын және орта бизнестің дамуы бәсекеге қабілетті нарық механизмі мен ірі, орта және шағын көлемді мемлекеттік реттеудің кешенді синтезі жүзеге асырылатын икемді аралас экономиканың, әр түрлі меншік нысандарының үйлесімі мен барабар экономикалық үлгінің қалыптасуының жаһандық тенденцияларына жауап береді. Ол экономиканың өсу қарқынын, халықты жұмыспен қамту жағдайын, жалпы ұлттық өнімнің құрылымы мен сапасын айтарлықтай дәрежеде айқындайтын жетекші салалардың бірі болып табылады деп нақты айта аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2021 жылғы 7 қазандағы Ұлттық жобалар тізбесін бекіту туралы №670 Жарлығы.

2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ресми ақпараттық ресурсы <https://primeminister.kz/ru/nationalprojects/nacionalnyy-proekt-po-razvitiyu-predprinimatelstva-na-2021-2025-gody-159610>.

3. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы <https://stat.gov.kz/official/industry/139/statistic/6>.

4. Буров В.Ю., Капитонова Н.В., Кайбалина Н.Б. Цифрлық экономиканы дамытудағы шағын бизнес пен білімнің рөлі туралы // Іргелі зерттеулер. - 2018. - 44-49 б.